

Л.К. Шарипованың жылдық есебі

2020-2021 оку жылында 4 «А» сыныбына жетекшілік еттім. Сыныпта 25 оқушы оқып, тәрбиеленді. Оку жылында екі оқушы басқа мектептерге ауысып, екі оқушы басқа мектептерден келді. Сыныпта 14 ер, 11 қыз бала болды. Сыныптың оку үлгөрімі 88% күрады. Оку бағдарламасы бойынша білім беріліп айтарлықтай жетістіктерге жеттім. Атап айтсам Өтешов Ж., Тұрлыбаев Б., Қуанышов М., Талғатұлы Г. мектепшілік аудандық, облыстық «Кішкентай білгірлер» интеллектуалды сайысында жүлделі 1-3- орындар иеленіп өз білімдерін дәлелдеп шықты. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастау» олимпиадасының мектепшілік кезеңіне үш оқушым шығып білім дәрежелерін дәлелдеді десем болады. Сыныбымның оқушылары Табынбай М., Фархадқызы З., Болат Ә.. Қайыrbай Ж. «Русский медвежонок» олимпиадасының да қатысып жүлделер алды. Тұрлі қашықтық олимпиадалар мен байқауларға да оқушыларым қатысты және айтарлықтай жүлделер иеленді. Олар мектепшілік шаралардың да белсенді қатысушылары болды. Мектепшілік өткізілген Үздік сынның байқауында сабакка қатысым, мектеп формасының, мектеп ережесінің сакталуы шарттары бойынша «Үздік сынның» атағын жөніп алдык.

Сыныбымдағы 25 оқушының 96% мектепшілік және мектептен тыс білім беру мекемелерінде үйірмелерге қатысады. Қатысқан үйірмелері бойынша нәтиже көрсеткен оқушылар бар. Қайратұлы М., Асхатов Р., Жолдасбаева Ж., Қанат А., Наурызбаева Ә. Дзюдо, еркін күрес және тогызқұмалак, домбыра жарыстарынан жүлделі орындар иеленді. Сыныбымда қосымша білім беру мекемелерінде немесе мектептегі үйірмелерге қатыспайтын бір оқушымен жеке жұмыс жүргіздім. Ол оқушының сурет салуга ерекше икемділігін байқап, жеке тапсырмалар беру арқылы шығармашылығының дамуына ықпал жасап отырдым.

Оку жылын тәрбие жұмысының барлық бағыттары қамтыла отырып жасалды жыл бойы осы жоспарларды орындағым.

Тәрбие жұмысының ажырамас бір бөлігі ата-анамен жұмыс болса, ол жұмыстың да жоспары жасалды. Ата-аналарға жылдық жұмыс таныстырылған ұйымдастыру жиналысы өткізілді. Жоспар ай сайынға жоспарланып, жеке кеңестер беріліп отырды. Ата-аналар комитетінің отырыстары өткізілді. Тоқсан соңында оку тоқсанының корытындысы хабарланып ата-аналардың пікірлері тыңдалып, кеңестер беріліп, пікірсайыстар өткізіліп отырды. 3- оку тоқсанының соңында «Балам 5 сынның барады» такырыбына жиналыс өтті. Жиналысқа мектептің психолог маманы С.Сейталина қатысып тренинг жүргізу арқылы ата-аналарға педагогикалық көмек көрсетті.

Жыл бойы өзімнің де кәсіби біліктілігімді көтеретін семинарларга қатыстым. Ол семинарлардың бірінде тәжірибеммен беліскең коучинг өткіздім. Методикалық, педагогикалық білімім мен білік дәрежемді нығайту, толықтыру мақсатында тұрлі баспаларды оқып жұмыс барысымда қолданып отырдым. Баспаға сабагымды жарияладым.

Жыл бойы жасаған жұмысымды зерделей отырып келесі оку жылының жұмыс жоспарын құрдым.

Бастауыш сыннып мұғалімі Л.Шарипова.

